

Кавказ және Орталық Азия

Популяция, миллион (2015)

Адам басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ доллары (2015)



Ақпарат көздері: ХВҚ аймақтық экономикалық келешегінің деректер қоры; және Майкософт картасы.

Ескерту: Осы картадағы ел атаулары мен шекаралары ХВҚ ресми ұстанымын көрсетпейді.

КОО аймағындағы маңызды оқиғалар

КОО аймағы 2014 жылдан бері шикізат тауарлары бағасының бірден түсуі және оның негізгі экономикалық серіктестеріндегі (негізінен Ресей мен Қытай) экономикалық құлдыраудан ірі және тұрақты сыртқы күйзелістерге ұшырады. Аймақтық өсім осы жылы шамамен 1,3 пайызға болжанады. Бұл, әсіресе, мұнай экспорттаушылары үшін күйзелістерге дейін 15 жыл ішінде бақыланған мөлшерлермен салыстырғанда экономикалық белсенділіктің күрт әлсіреуін білдіреді. Келесі жылы, аймақ экономикасына орташа өсімін 2,7 пайызға дейін жоғарылатып, бағытты өзгерту керек. Алайда, қол жетімді саяси кеңістік азайды және әлсіздік көбейді. Орта мерзімді келешек жоспарлары әлсіз, 2018-21 жылдарға жобаланған өсім орташа 4 пайызға тең, бұл 2000-14 жылдардағы өсімнің жартысын құрайды. Сондықтан, тәуелсіздік алғаннан бері даму үстіндегі нарықпен байланысты өмір сүру деңгейлерінде жоғарылаған өсімдер ішінара тоқтады.

Күйзелістер жеңілдеді, әлсіздіктер күшейді

Валюталық түзетумен бірге фискалдық орналасым КОО-ға сыртқы күйзелістердің әсерін жеңілдетуге көмектесті. Алайда, әлсіреу түсімдерінің арасында, жоғарылаған қоғамдық шығыстар 2014 жылдан бері орташа есеппен ЖІӨ-нің 6,3 пайыздық нүктесімен бюджет тапшылығын кеңейтті. Төмен түсіп жатқан қаржы активтері және өсіп жатқан мемлекеттік борышпен бірге саяси кеңістік қысқарды. Болашақта, фискалдық саясатқа қысқа мерзімді жоспарда өсімді қолдау және ұзақ мерзімді келешек жоспарларында борыштың қолайлы деңгейін, келешек ұрпақтарға әділдікті және болжанбаған мақсаттар үшін қаражат жинауды қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдік қажет. Бұл сенімді орта мерзімді жоспарлар бойынша фискалдық жағдайларды нығайта отырып, өсімдегі негізгі шығыстардың басымдығын және әлеуметтік шығындарды қамтамасыз етуді қажет етеді.

Валютаны реттеу бәсекеге қабілеттілікті қолдады, бірақ уақытша көтерілген инфляция және әлсіреу үстіндегі өсім, жоғары долларланған қаржы секторларында әлсіздіктердің үдеуіне ықпал етті. Айырбас бағамының икемділігін таңдаған көптеген елдермен бірге, монетарлық саясатының шеңберін нығайту қажеттілігі басым болды.

Бұны капиталды толықтыру, проблемалық банктерді қайта құрылымдау және жабу, сондай-ақ қарызға беру тәжірибесін қайта құру, қаржыны қадағалау және макропруденциалдық және дағдарысты басқару негіздерін нығайту тәрізді қаржылық тұрақтылық және делдалдық тәуекелдерін қамтитын қадамдармен толтыру керек.

Құрылымдық өзгеріс қажет

Көптеген КОА елдері өз тәуелсіздіктерінен кейін екі онжылдықта өмір сүру деңгейлерінде тез арада жетістіктерге жетті. Алайда, бұл жетістіктер әлсіз өнімділіктің өсімі мен инвестицияның баялауы нәтижесінде соңғы жылдары қарқынын жоғалтты. Орта мерзімді келешек жоспарларын жақсарту, жұмыс орындарын құру және өмір сүру деңгейін арттыру үшін тауарлар мен ақша аударымдарына тәуелділіктен жан-жақты дамуға құрылымдық өзгерісті енгізу міндетті болып табылады. Көптеген елдер қазірдің өзінде әртараптандыру және жекешелендіру жоспарларын әзірледі. Бірақ оларды қазір жүзеге асыру үшін нақты әрекеттер қажет. Күштерді КОА дамушы нарықтардан артта қалып жатқан аймақтарға, яғни басқару, есептілік, мүліктік құқықтар мен қаржылық делдалдықты жетілдіруге бағыттау керек. Жоғары өмір сүру деңгейінің артықшылықтарын халыққа пайдалануға мүмкіндік беріп, өсімді жан-жақты жасау қажет.

КОА аймағы: Таңдаулы экономикалық көрсеткіштер, 2000–17

(ЖІӨ пайызы, басқалай көрсетілмеген жағдайда)

	Орташа 2000–12	2013	2014	2015	Болжалды көрсеткіштер	
					2016	2017
КОА						
Нақты ЖІӨ (жылдық өсім)	8.7	6.6	5.3	3.2	1.3	2.6
Ағымдағы шот теңгерімі	1.5	2.1	2.0	-3.0	-4.1	-2.8
Жалпы фискалдық теңгерім	2.7	2.7	1.5	-4.6	-4.9	-3.0
Инфляция, жыл сайынғы (жылдық өсім)	9.4	6.1	5.9	6.2	9.9	8.3
КОА мұнай және газ экспорттаушы елдері						
Нақты ЖІӨ (жылдық өсім)	9.0	6.7	5.3	3.1	1.0	2.4
Ағымдағы шот теңгерімі	2.7	2.8	3.3	-2.4	-3.5	-2.0
Жалпы фискалдық теңгерім	3.4	3.3	1.9	-4.7	-4.8	-2.8
Инфляция, жыл сайынғы (жылдық өсім)	9.6	6.4	6.1	6.4	10.8	8.7
КОА мұнай және газ импорттаушы елдер						
Нақты ЖІӨ (жылдық өсім)	6.5	5.7	4.7	3.7	3.7	4.1
Ағымдағы шот теңгерімі	-7.6	-4.8	-9.4	-7.9	-8.5	-8.8
Жалпы фискалдық теңгерім	-3.2	-2.5	-2.0	-3.6	-5.3	-4.4
Инфляция, жыл сайынғы (жылдық өсім)	7.7	3.6	4.6	4.8	2.4	4.9

Ақпарат көздері: Ұлттық органдар; және ХВҚ қызметкерлерінің есептеулері мен болжалды көрсеткіштері.
КОА мұнай және газ экспорттаушы елдері: Әзірбайжан, Қазақстан, Түрікменстан және Өзбекстан.
КОА мұнай және газ импорттаушы елдері: Армения, Грузия, Қырғызстан және Тәжікстан.

КОА: Таңдаулы экономикалық көрсеткіштер

	Орташа			Болжалды көрсеткіштер		
	2000–12	2013	2014	2015	2016	2017
Нақты ЖІӨ өсімі	8.7	6.6	5.3	3.2	1.3	2.6
<i>(Жылдық өзгеріс; пайыз)</i>						
Армения	7.9	3.3	3.6	3.0	3.2	3.4
Әзірбайжан	11.9	5.8	2.8	1.1	-2.4	1.4
Грузия	6.1	3.4	4.6	2.8	3.4	5.2
Қазақстан	8.1	6.0	4.3	1.2	-0.8	0.6
Қырғыз Республикасы	3.9	10.9	4.0	3.5	2.2	2.3
Тәжікстан	7.9	7.4	6.7	6.0	6.0	4.5
Түрікменстан	13.6	10.2	10.3	6.5	5.4	5.4
Өзбекстан	6.9	8.0	8.1	8.0	6.0	6.0
Тұтыну бағасының инфляциясы	9.4	6.1	5.9	6.2	9.9	8.3
<i>(Жылдық орташа; пайызы)</i>						
Армения	4.1	5.8	3.0	3.7	-0.5	2.5
Әзірбайжан	6.7	2.4	1.4	4.0	10.2	8.5
Грузия	6.0	-0.5	3.1	4.0	2.6	3.6
Қазақстан	8.7	5.8	6.7	6.5	13.1	9.3
Қырғыз Республикасы	8.7	6.6	7.5	6.5	1.1	7.4
Тәжікстан	14.6	5.0	6.1	5.8	6.3	7.3
Түрікменстан	7.1	6.8	6.0	6.4	5.5	5.0
Өзбекстан	15.1	11.7	9.1	8.5	8.4	9.6
Жалпы Үкіметтің толық фискалдық теңгерімі	2.7	2.7	1.5	-4.6	-4.9	-3.0
<i>(ЖІӨ пайызы)</i>						
Армения ¹	-3.3	-1.6	-1.9	-4.8	-4.5	-3.0
Әзірбайжан ¹	4.7	1.0	3.2	-6.8	-9.9	-3.9
Грузия	-3.3	-2.6	-2.9	-3.8	-4.7	-6.0
Қазақстан	2.9	4.7	1.7	-6.9	-5.7	-4.2
Қырғыз Республикасы	-3.2	-5.1	-2.8	-3.2	-8.8	-5.5
Тәжікстан	-2.8	-0.8	0.0	-2.3	-4.0	-2.7
Түрікменстан ²	3.4	1.2	0.8	-0.7	-0.8	-0.4
Өзбекстан	3.2	2.9	1.9	0.7	-0.5	-0.3
Ағымдағы шот теңгерімі	1.5	2.1	2.0	-3.0	-4.1	-2.8
<i>(ЖІӨ пайызы)</i>						
Армения	-9.1	-7.3	-7.6	-2.7	-2.5	-3.0
Әзірбайжан	8.1	16.4	13.9	-0.4	0.7	3.1
Грузия	-11.4	-5.8	-10.6	-11.7	-12.1	-12.0
Қазақстан	-1.0	0.4	2.6	-2.4	-2.2	0.0
Қырғыз Республикасы	-0.4	-1.1	-17.8	-10.4	-15.0	-14.9
Тәжікстан	-3.8	-2.9	-2.8	-6.0	-5.0	-5.0
Түрікменстан	3.8	-7.2	-7.5	-10.3	-18.5	-18.0
Өзбекстан	4.9	2.9	0.7	0.1	0.1	0.2

Ақпарат көздері: Ұлттық органдар; және ХВҚ қызметкерлерінің есептеулері мен болжалды көрсеткіштері.

¹Орталық Үкімет.

²Мемлекет Үкіметі.

² Белгісіз саяси жағдайға байланысты 2011–15 деректерінен Сирия шығарылған.